



«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ

САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

НҰСҚАУЛЫҚ



«Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау университеті» КеАҚ
Басқарма Төрағасы-Ректор
С.Н. Идрисов
01 2021ж.

ТРЕНАЖЕРЛЕР ЗАЛЫНДА ЖАТТЫҒАТЫН СТУДЕНТТЕРГЕ
ТЕХНИКА ҚАУІПСІЗДІГІ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ

СМЖ № 144

Атырау 2021ж.

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ Тренажер залында жаттығатын студенттерге техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық	Басылым: үшінші 2 - бет, 8 беттен тұрады
--	--	---

	Лауазымы	Т.А.Ә.	Қолы	Күні
Жасақтаған	Шаруашылық қызметі басқармасының жетекші маманы	Г.С.Жайлаубаева		20.01.21
Келісілді	Академиялық мәселелер жөніндегі проректор	К.М.Утепкалиева		20.01.21
	«Қазақстандық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Атырау облыстық ұйымы» ҚБ Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті филиалының төрағасы	А.Қ.Ахмет		20.01.21
	Пайдалану және техникалық қызмет көрсету басқармасының жетекшісі	Т.Т.Аманов		20.01.21
	Сапа мониторингі кеңсесінің жетекшісі	Ж.Т.Кайшыгулова		20.01.21
	Заң кеңесшісі	К.С.Куанов		20.01.21

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: үшінші
	Тренажер залында жаттығатын студенттерге техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық	3 - бет, 8 беттен тұрады

Мазмұны

1	Жалпы ережелер	4
2	Қысқартулар	4
3	Нормативтік сілтемелер	4
4	Қауіпсіздіктің жалпы талаптары	4
5	Таныстыру парағы	7
6	Өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу парағы	8

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ Тренажер залында жаттығатын студенттерге техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық	Басылым: үшінші 4 - бет, 8 беттен тұрады
--	--	---

1 Жалпы ережелер

- 1.1 Осы нұсқаулық Қазақстан Республикасы "Білім туралы" Заңының, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді. Осы нұсқаулықтың мақсаты - Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессор-оқытушылар құрамы, студенттер және қызметкерлері үшін қауіпсіз жағдай жасау болып табылады.
- 1.2 Университет нысандарында техника қауіпсіздігі талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілік
 - құрылымдық бөлімшенің басшысына;
 - төтенше жағдайлар және техника қауіпсіздігі жөніндегі инженерге жүктеледі.
- 1.3 Оқу үдерісі кезінде университеттегі техника қауіпсіздігі талаптарының сақталауын қадағалау:
 - құрылымдық бөлімшенің басшысына;
 - төтенше жағдайлар және техника қауіпсіздігі жөніндегі инженерге жүктеледі.
- 1.4 Осы нұсқаулықтың талаптарының орындалуы университетте үнемі немесе уақытша жұмыс жасайтын барлық қызметкерлер, студенттер үшін, университет аумағында өз қызметтерін жүзеге асыратын немесе басқа да себептермен барлық заңды және жеке тұлғалар үшін міндетті болып табылады.
- 1.5 Профессор-оқытушылар құрамы, университет қызметкерлері, студенттер осы Нұсқаулықпен таныстырылуы тиісті.

2 Қысқартулар

Осы Нұсқаулықта төмендегідей қысқартулар қолданылады:

- АУ- Атырау университеті
- СМК– сапа менеджменті жүйесі
- АМЖП – Оқу ісі жөніндегі проректор
- ҚББ – құрылымдық бөлім басшысы
- ТҚ – техника қауіпсіздігі
- ЕҚ – еңбек қауіпсіздігі
- ТЖ – төтенше жағдай

3 Нормативтік сілтемелер

- 3.1 Қазақстан Республикасының Конституциясы.
- 3.2 Қазақстан Республикасы Еңбек кодексі.
- 3.3 Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму Министрінің 2015 ж. 30 қарашада №927 бұйрығымен бекітілген «Жұмыс берушімен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау нұсқаулықтарын дайындау, бекіту және қайта қарау Ережелері».
- 3.4 АУ Жарғысы.
- 3.5 Университеттің ішкі еңбек тәртібі Ережесі.
- 3.6 ИСО 9001:2015 халықаралық стандарты.

4 Қауіпсіздіктің жалпы талаптары:

Тренажер залындағы сабақтарға медициналық тексеруден және техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулықтан өткен студенттер қатыса алады. Дайындық және арнайы медициналық топтағы жаттығушылар тренажер залындағы сабақтарға жіберілмейді.

Жаттығушылар тренажерлерді пайдалану ережелерін, бекітілген сабақ және демалыс режимін сақтау керек.

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: үшінші
	Тренажер залында жаттығатын студенттерге техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық	5 - бет, 8 беттен тұрады

Тренажер залында сабақтар өткізілген кезде қатысушыларға мынандай қауіпті факторлердің әсері болуы мүмкін:

- жаттығуларды ақаулығы бар, дұрыс қойылмаған және мықты бекітілмеген тренажерлерде өткізгенде;
- тренажерлерді пайдалану ережелерін, сонымен қатар бекітілген сабақ және демалыс режимін бұзған кезде.

Тренажер залында жаттығуларды спорт киімі және табаны таймайтын спорт аяқ киімімен қатысу керек.

Тренажер залында жарақат алған жағдайда алғашқы медициналық көмек көрсету үшін, қажетті дәрі-дәрмекпен және таңу құралдарымен жабдықталған медициналық қорапша болуы тиіс.

Оқытушы (тренер) және студенттер өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауы тиіс, алғашқы өрт сөндіру құралдарының орналасқан орындарын білуі тиіс. Тренажер залы өрт сөндіргішпен, автоматты өрт дабыл қалқыш жүйесімен және сору-сыртқа тарату желдеткішімен жарақтандырылуы тиіс.

Студенттермен болған әрбір бақытсыз жағдайды жарақат алушы немесе жазатайым уақиғаның куәгері шұғыл оқытушыға (тренерге) хабарлау керек, ол оқу орнының әкімшілігіне хабарлап, алғашқы медициналық көмек көрсету керек.

Оқу процесі кезінде жетекші және студенттер спорт ойындарын өткізу ережелерін, спорт киімдері мен аяқ киімін кию, жеке бас гигиенасын сақтауы керек.

4.1 **Сабақ басталар алдындағы қауіпсіздік талаптары**

- тренажер залын мұқият желдету керек;
- спорт формасын киюге және табаны тайғанамайтын спорт аяқ киімін кию керек;
- барлық тренажерлердің ақаусыздығын тексеру және мықты орнатылуы мен бекітілуін тексеру керек.
- қатысушыларға тренажерлерде жаттығудың қауіпсіз тәсілдері туралы нұсқаулық өткізу керек.

4.2 **Сабақ кезіндегі қауіпсіздік талаптары**

- тренажерлерде жаттығуды бастау, ойын кезінде үзілістер жасау және ойынды тоқтату тек оқытушының (тренердің) командасымен (белгісімен) жасалуы тиіс;
- ақаулығы бар, мықты орнатылмаған және дұрыс бекітілмеген тренажерлерде жаттығулар орындауға болмайды;
- қатаң тәртіп сақтау керек, құрылымдық ерекшеліктерін ескерек отырып, тренажерлерді пайдалану ережесін қатаң сақтау керек;
- оқытушының (тренердің) барлық командаларын (белгілерін) көңіл қойып тыңдау және орындау қажет;
- бекітілген жаттығу және демалыс режимін сақтау керек.

4.3 **Апатты жағдайлардағы қауіпсіздік шарттары**

- тренажердің ақаулығы пайда болған немесе ол сынып қалған жағдайда, тренажерде жаттығуды тоқтату, ол туралы оқытушыға (тренерге) хабарлау керек. Жаттығуды ақаулық жойылғаннан кейін жалғастыру керек.
- жаттығушы жарақат алған жағдайда жарақат алушыға алғашқы медициналық көмек көрсету керек, қажет болған жағдайда оны емдеу орнына жеткізу керек.
- спорт залында өрт шығуы кезінде шұғыл сабақты тоқтатып, ұйымдасқан түрде, сабақ өту орнын босату, оқу орнының әкімшілігін хабардар ету керек

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: үшінші
	Тренажер залында жаттығатын студенттерге техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық	6 - бет, 8 беттен тұрады

және өрт жөнінде өрт сөндіру бөліміне **101, 45-00-00** тел. арқылы хабарлау және алғашқы өрт сөндіру құралдарын пайдаланып өрт шығу ошағын сөндіру керек.

4.4 **Сабақ аяқталғаннан кейінгі қауіпсіздік талаптары**

- барлық тренажерлерді бастапқы жағдайға келтіру керек;
- тренажер залын желдету және ылғалды тазалық жұмысын жасау керек;
- спорт киімін және спорт аяқ киімін шешу, душ қабылдау және қолды, бетті сабынмен жуу керек;
- тренажер залының өртке қарсы жағдайын тексеріп, жарықты сөндіру керек.

Профессор-оқытушылар, қызметкерлер мен білім алушылар ішкі тәртіп ережелерін, санитарлық-эпидемиологиялық режимді, өрт қауіпсіздігі мен техника қауіпсіздігін сақтауға жауапты.

Нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Басқарма Төрағасы-Р рұқсатымен жүзеге асырылады және оның қолымен құжат түрінде бекітіледі. Түпнұсқаға және есептік жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулардың енгізілуі Нұсқаулықтарды әзірлеу тәртібі талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Түпнұсқа мен есептік жұмыс даналарына түзетулер мен толықтырулар енгізуге шаруашылық қызметінің жетекші маманы мен төтенше жағдайлар және техника қауіпсіздігі жөніндегі инженер жауапкершілікте болады.

Нұсқаулық ҚББ қажет болған жағдайда қайта қарастырылады.

Нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізуге негіздер мыналар бола алады:

- заңды күші бар нормативтік-құқықтық актілерге қайта енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;
- Басқарма Төрағасы-Ректор бұйрықтары;
- құрылымдық бөлімшелер арасындағы міндеттерді қайта бөлулер;
- құрылымдық бөлімшелерді қайта ұйымдастыру.

Ұйымның атауы өзгерулері кезінде немесе құрылымдық бөлімше атауы өзгерген кезде Нұсқаулық ауыстырылуы тиіс.

Ауыстыру кезінде күші жойылған Нұсқаулықтың университетте бар барлық даналары алынып тасталады және жаңасымен ауыстырылуы керек.

Күші жойылған Нұсқаулықты алмастыруға және алып тастауға ТЖ және ТҚ жөніндегі инженер мен ҚББ жауапты.

Нұсқаулықты Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық талаптарға және ИСО 9001:2015 ХС сәйкес келістіруді СМК жүзеге асырады.

Нұсқаулықты шаруашылық қызметі басқармасының жетекші маманы мен төтенше жағдайлар және техника қауіпсіздігі жөніндегі инженер дайындайды.

Нұсқаулық Басқарма Төрағасы-Ректормен бекітіледі және оның өзгертілуіне дейін әрекет етеді.

Нұсқаулықтың есептік жұмысшы даналарының бөлімшелерде сақталуына жауапкершілік ҚББ тиесілі.

